ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қаңтар іс № 3514-24-00-2/6667 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында

судья Г.О.Тастанбаева

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Абильдинов К.О.» Абильдинов Канат Орикович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Абильдинов К.О.» Канат Орикович Абильдиновты мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.02.2025, судья Тастанбаева Г. О., 28.02.2025

алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

жеке кәсіпкер «Абильдинов К.О.» Канат Орикович Абильдинов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

жеке кәсіпкер «Абильдинов К.О.» Канат Орикович Абильдиновтан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыпты 234 752 (екі жүз отыз төрт мың жеті жүз елу екі) теңге және мемлекеттік баж 8889 (сегіз мың сегіз жүз сексен тоғыз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 17.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.02.2025, судья Тастанбаева Г. О., 28.02.2025

3514-24-3-1/7337